

«Рухани жаңғыру» қазақстандық  
қоғамдық даму институты»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
Төрағасының міндетін атқарушының  
2021 жылғы «13» 08  
№ 52 бұйрығына  
қосымша №3

## Волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған ШАҒЫН ГРАНТТАР КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған Шағын Гранттар конкурсы туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған шағын гранттар конкурсын ұйымдастыру және өткізу, шағын гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1.2 Конкурс **қазақстандық «Рухани жаңғыру» қоғамдық даму институты** КЕАҚ (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ұйымдастырып, өткізеді. Конкурстың жалпы қоры 5 000 000 (бес миллион) теңгені құрайды. Қаражат әрбір жеңімпазға 500 000 (бес жүз мың) теңгеден 10 шағын грант барлық іріктелген қатысушылар арасындағы жалпы қорға сүйеніп отырып, тең бөлінетін болады.

1.3 **Конкурс мақсаты** волонтерлік қозғалыстың Қазақстан Республикасы халқының өзекті мәселелерін шешуге қатысуын ынталандыру болып табылады.

1.4 Конкурс шеңберінде әлеуметтік маңызы бар он волонтерлік жобаны іріктеуге негізделді:

- Волонтерлердің *кез келген құрамының* қатысуымен кез келген жолмен іске асырылатын **волонтерліктің әр бағытындағы жеті жоба** (Birgemiz: Bilim, Birgemiz: Qamqor, Birgemiz: Saulyq, Birgemiz: Sabaqtastyq, Birgemiz: TazaAlem, Медиа-волонтерлік, Басқа әлеуметтік волонтерлік);
- Волонтерліктің кез келген бағытының кез келген **екі жобасы** (төменде көрсетілмеген бағыттар мен жолдарды қоса алғанда), волонтерлердің әрбір құрамында бір-бірден – **корпоративтік немесе ProBono құрамы**;
- Волонтерліктің кез келген бағытының және волонтерлердің кез келген құрамының (төменде көрсетілмеген бағыттар мен құрамдарды қоса алғанда) қатысуымен, **автоволонтерлік жолымен іске асырылған бір жобасы**.

#### Волонтерлік бағыттары:

1. **Birgemiz: Bilim** Халықтың әртүрлі топтарын цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылыққа оқытуда волонтерлік көмек көрсету жөніндегі қызмет.
2. **Birgemiz: Qamqor** Волонтерлерді қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына тарту бойынша қызмет.
3. **Birgemiz: Saulyq** Денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастар күтіміне көмек көрсету үшін, оның ішінде

хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде және т.б. медициналық көмектің сапасын оның барлық кезеңдерінде арттыруға арналған профилактикалық, емдеу, оналту, донорлық қызмет

4. **Birgemiz: Sabaqtastyq** Волонтерлердің балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесіндегі әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен жастарға қатысты тәлімгерлік практикасын енгізу жөніндегі қызмет.
5. **Birgemiz: TazaÁlem** Қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету бойынша қызмет (эко-волонтерлік – қоршаған ортаны сақтауға, экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған ерікті қызмет).
6. **Медиа-волонтерлік** Әлеуметтік жобаларды ақпараттық жариялау, волонтерлер қозғалысын насихаттау бойынша басқа да ерікті қызмет.
7. **Басқа әлеуметтік волонтерлік** Азаматтардың белгілі бір санаттарына: мемлекеттің ерекше назарын қажет ететін балаларға, қарт адамдарға, ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға және т. б. көмектесуге бағытталған ерікті қызмет.

#### **Волонтерлер құрамы:**

1. **Корпоративті волонтерлік (компания қызметкерлерінің ұйымдасқан волонтерлігі)** Өз компаниясының қолдауымен түрлі әлеуметтік бағдарламаларға ұйым қызметкерлерінің ерікті қатысуы.
2. **ProBono волонтерлік** Қайырымдылық, қоғамдық және өзге де коммерциялық емес ұйымдарға ақысыз негізде көмек көрсету бойынша кәсіпқойлар қызметі
3. **Балалар волонтерлігі (кәмелетке толмаған волонтерлер)** 18 жасқа дейінгі балалардың волонтерлік қызметке ерікті қатысуы.
4. **Инклюзивті волонтерлік (ерекше қажеттіліктері бар волонтерлер)** Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоршаған және жергілікті қоғамдастықтар үшін көмек пен қолдау көзі болып табылатын волонтерлік түрі.
5. **Халықаралық волонтерлік (шетел** Шетел азаматтарының елдің волонтерлік қозғалысына қатысуы (сондай-ақ, Қазақстан азаматтарының басқа

азаматтары)	елдердегі волонтерлік қозғалысқа қатысуы).
6. Күміс волонтерлік (зейнет жасындағы волонтерлер)	«Күміс» жастағы волонтер – 55 жастан жоғары волонтерлер.
7. Жалпы волонтерлік	Аталған санаттардың ешқайсысына кірмейтін барлық волонтерлер

### Волонтерлікті іске асыру жолдары:

#### 1. Автоволонтерлік

Автокөлікпен өтеусіз қызмет көрсетуге байланысты волонтерлік қызмет.

#### 2. Онлайн волонтерлік

Интернет, ТВ, телефон және басқа да коммуникация құралдарын пайдаланып, халықпен тікелей байланыссыз онлайн іске асырылатын волонтерлік қызмет.

#### 3. Офлайн волонтерлік

Адамдар арасындағы тікелей байланыста жүзеге асырылатын классикалық волонтерлік қызмет.

1.5 Конкурс Қазақстанның барлық өңірлерін қамтиды.

1.6 Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын волонтерлік ұйымдар – коммерциялық емес ұйымдар (діни бірлестіктерді, тұтыну кооперативтерін, сондай-ақ, саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар нысанындағы қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда) (бұдан әрі – Қатысушы) Конкурсқа қатысушылар бола алады.

1.7 Жобаның мониторингі бағдарламалық есеп және гранттық қаражатты пайдалану туралы есеп негізінде жүзеге асырылады.

### 1.8 ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қатысушылар  
(тікелей бенефициарлар)

Әлеуметтік маңызы бар волонтерлік жобаларды іске асыру және/немесе оларға қатысу нәтижесінде пайда көретін Қазақстан Республикасының азаматтары.

Волонтерлік ұйым

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын (діни бірлестіктерді, тұтыну кооперативтерін, сондай-ақ, саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар нысанындағы қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда) коммерциялық емес ұйым

Шағын грант

Волонтерлік ұйымдарға әлеуметтік маңызы бар волонтерлік жобаларды іске асыруға курстық негізде бөлінетін, кейіннен оны пайдалану туралы есеп берілетін өтеусіз ақшалай сыйақы.

Конкурс

ҮЕҰ арасында Қазақстан Республикасы халқының өзекті мәселелерін волонтерлік қозғалыс күшімен шешуге бағытталған конкурс.

Әлеуметтік волонтерлік жобалар	маңызды	Волонтерлік қозғалыс күшімен Қазақстан Республикасы халқының өзекті мәселелерін шешуге бағытталған жобалар.
Өтінімдер		Бекітілген формаға сәйкес ресімделген Шағын грант бөлу туралы өтініш-құжат.
Грант алушы		Конкурстық іріктеуден сәтті өткен және Грант беру туралы шартқа қол қойған өтініш беруші.
1.9		

## 2. КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР

2.1 Конкурсқа қатысу үшін заңды тұлғалар – ҮЕҰ дерекқордағы және оған тіркелген волонтерлік ұйымдар шақырылады.

## 3. ГРАНТТЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер 2021 жылдың 16 тамызынан 6 қыркүйегіне дейін қабылданады. Қатысушылар барлық өтінімдерді [konkurs@kipd.kz](mailto:konkurs@kipd.kz) электрондық поштасына жіберуі қажет. Қатысушылар конкурстың нәтижелері туралы ұйымдастырушының [www.kipd.kz](http://www.kipd.kz) сайтында хабардар етілетін болады.

3.2 Шағын гранттар әр жобаға 500 000 теңге көлемінде ақшалай түрде берілетін болады. Конкурс шеңберінде қатысушылар конкурстық негізде әлеуметтік маңызы бар волонтерлік жобаны іске асыруға шағын грант иегері болу мүмкіндігіне ие болады.

3.3 Конкурсқа қатысу үшін Қатысушы Ұйымдастырушыға осы Ереженің № 1, №2, № 3 қосымшаларындағы формаларға сәйкес бойынша өтінім жібереді.

3.4 Сондай-ақ, өтінімге мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың сканерленген көшірмесі немесе жарғының және құрылтай шартының сканерленген көшірмесі (бар болса). Өтінімде ұсыныс хаттар, сертификаттар және т.б. сияқты қосымша құжаттар да тіркелуі мүмкін.

3.5 Конкурсқа қатысу өтінімі Қатысушының Осы Ережеде қарастырылған талаптар мен шарттарға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

3.6 Қатысушы тарапынан Конкурсқа қатысу өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

3.7 Қатысушы өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін өзінің конкурсқа қатысу үшін берген өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

3.8 Ұйымдастырушы белгілеген күннен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

## 4. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

### 4.1.Конкурс қатысушыларының құқықтары:

- Конкурсның өткізу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға;
- осы Ереженің тармақтарын түсіндіру үшін Ұйымдастырушыға жүгінуге;
- конкурсқа қатысу үшін материалдарды жіберуге құқығы бар.

### 4.2.Конкурс қатысушыларының міндеттері:

- конкурстың тақырыбымен алдын ала танысып, конкурсқа қатысуға қойылатын талаптарды зерделеп шығу;

- осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделген материалдарды уақтылы ұсыну;
- осы Ережеде көзделген ережелер мен рәсімдерді сақтау.

#### **4.3. Ұйымдастырушының құқықтары:**

- осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қатысушыны конкурсқа қатыстырудан бас тартуға құқылы;
- өтінімді қарау кезеңінде қатысушылардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

#### **4.4. Ұйымдастырушы міндеттері:**

- барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасауға;
- конкурсты өткізудің жариялылығын қамтамасыз ету;
- конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеуге міндетті;
- грантты беру туралы шарт жасасуға және оның осы Шартта ескерілген мерзімдер мен шарттарда орындалуын қамтамасыз етуге міндетті;
- алынған ақпараттың құпиялылығына және жеке деректердің қауіпсіздігіне кепілдік беру.

## **5. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ**

### **6.**

6.1. Грант алушыларды іріктеу 2021 жылдың 25 қыркүйегіне дейін екі кезеңде өтеді:

#### **1 кезең – техникалық іріктеу (2021 жылдың 7-15 қыркүйек аралығында)**

Техникалық іріктеуді өткізу үшін Ұйымдастырушы 5 (бес) адамнан тұратын комиссия құрады. Комиссия құрамына Ұйымдастырушылар өкілдері кіреді.

Техникалық іріктеу жөніндегі Комиссия конкурсқа қойылатын талаптарға сәйкес жобаларды іріктеуді жүзеге асырады:

- осы Ереженің 3-Бөліміне сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын белгілейді;
- ұсынылған құжаттардың Конкурс шарттарына сәйкестігін тексереді;
- Қатысушылардың іріктеу критерийлеріне сәйкестігін тексереді.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда Ұйымдастырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қатысушыға өтінімді осы Ереженің 3-Бөлімінің талаптарына сәйкес келтіру қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Қатысушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушыға ескертулерді ескере отырып толықтырылған құжаттарды қайта ұсынады. Өтінім осы Ереженің 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келтірілмеген жағдайда, Ұйымдастырушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қатысушыға Конкурсқа қатысу өтінімін қараудан бас тарту туралы жазбаша себептері көрсетілген жауап жібереді.

Өтінімдерді қарастыру қорытындысы бойынша техникалық іріктеуден өткен барлық Өтінімдер 2-кезеңге өтеді.

#### **2-кезең – сарапшылық іріктеу (2021 жылдың 16-22 қыркүйек аралығы)**

Сараптамалық іріктеуді осы Ереженің 6-бөлімін бағалау өлшемшарттары негізінде тәуелсіз Сарапшылық комиссиясы өткізеді. Сарапшылық комиссиясы Ұйымдастырушымен, фронт-офистермен және әлеуетті Грант алушылармен келісім-шарттық қатынасы жоқ Әлеуметтік волонтерлік саласындағы тәуелсіз сарапшылар қатарындағы Ұйымдастырушының Бұйрығымен құрылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау және ұсынылған өтінімдерді объективті бағалау мақсатында Сарапшылық комиссиясының құрамы жария етілмейді.

Сарапшылық комиссия Қатысушылар ұсынған жобаларды бағалау критерийлеріне, осы Ереженің 6-Бөліміне сәйкес бағалайды.

6.2. Бағалау қолайлығы үшін әрбір Өтінімге нөмірлер беріледі.

6.3. Сараптау комиссиясының жұмысы заңды болып саналады, ал оның шешімдері оның мүшелерінің көпшілігі болған жағдайда жарамды деп танылады. Қорытындылар хаттамасына сараптау комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды. Ұпайларды жиынтық есептеу нәтижелері бойынша конкурс жеңімпаздары анықталады. Ұпайлар тең болған жағдайда конкурс жеңімпаздары сараптау комиссиясы мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы анықталады.

6.4. Сараптау комиссиясының шешімі сараптау комиссиясы мүшелерінің жауапкершілігі болып табылады, ол шешім түпкілікті сипатта болып, өзгертуге жарамайды.

6.5. Грант алушылардың тізімі 2021 жылдың 23 қыркүйегінде ұйымдастырушының [www.kipd.kz](http://www.kipd.kz) сайтында жарияланады.

6.6. Гранттарды бөлу және Грант алушылармен келісім-шарттарға қол қою 2021 жылғы 24 қыркүйектен бастап 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын болады.

## 7. КОНКУРСТЫҚ ӨТІНІМДЕРДІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1. Сараптамалық комиссия әлеуметтік жобаларды келесі бағалау критерийлеріне сәйкес іріктейді:

	Жобаны бағалау критерийлері	Бағалар үлесі, %
1.	Әлеуметтік маңыздылығы	20
2.	Бизнес-құрылымдардың жобадан кейінгі қаржыландыру перспективалары	20
3.	Қойылған міндеттерді шешу тиімділігі	15
4.	Жоба мазмұнының Конкурстың берілген бағытына сәйкестігі	15
5.	Волонтерлік компоненттің іске қосылуы	10
6.	Орындау жоспарының нақтылығы мен ұтымдылығы	10
7.	Бюджеттің орындылығы мен негізділігі	10
	<b>Барлығы:</b>	<b>100</b>

7.2. Әрбір бағалау критерийі он балдық шкала бойынша бағаланады (0-ден 10 балға дейін).

7.3. Жобаларды қарауды Сарапшылық комиссиясының мүшелері бағалау формасына (4-қосымша) сәйкес дербес жүргізеді. Әрбір бағалау критерийі бойынша комиссия мүшелері жобаға өз балын қояды.

7.4. Сараптама мүшесінің әрбір жобалық өтінім бойынша қорытынды балы мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Қорытынды балл} = (a * 0,2) + (b * 0,2) + (c * 0,15) + (d * 0,15) + (f * 0,1) + (g * 0,1) + (h * 0,1), \text{ мұнда}$$

- a – «Жобаның әлеуметтік маңыздылығы» критерийі бойынша балл;*
- b – «Бизнес-құрылымдардың жобадан кейінгі қаржыландыру перспективалары» критерийі бойынша балл;*
- c – «Қойылған міндеттерді шешу тиімділігі» критерийі бойынша балл;*
- d – «Жоба мазмұнының Конкурстың берілген бағытына сәйкестігі» критерийі бойынша балл;*
- f – «Волонтерлік компоненттің іске қосылуы» критерийі бойынша балл;*
- g – «Орындау жоспарының нақтылығы мен ұтымдылығы» критерийі бойынша балл;*
- h – «Бюджеттің орындылығы мен негізділігі» критерийі бойынша балл;*

- 7.5. Жоба бағасының жалпы балы сараптама комиссиясының барлық мүшелері қойған қорытынды балдардың орташа арифметикалық сомасы болып табылады.
- 7.6. Әлеуметтік жобалары конкурстың әрбір бағытына бір жобадан аспайтын ең жоғары балл жинаған волонтерлік ұйымдар Конкурстың жеңімпаздары болады.
- 7.7. Волонтерлік ұйымдарға Шағын гранттар бөлу әлеуметтік жобаларды іріктеу қорытындыларының хаттамасын негізге ала отырып жүзеге асырылатын болады.

## **8. ЖОБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- 8.1. Волонтерлік ұйымдар ұсынған жобалар волонтерлік қозғалыс күшімен Қазақстан Республикасы халқының өзекті мәселелерін шешуге бағытталуы және конкурстың кез келген бір бағытына сәйкес болуы тиіс:
  - 1. **Birgemiz: Bilim** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 2. **Birgemiz: Qamqor** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 3. **Birgemiz: Saılyq** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 4. **Birgemiz: Sabaqtastyq** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 5. **Birgemiz: TazaÁlem** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 6. **ProBono волонтерлік** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 7. **Медиа-волонтерлік** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 8. **Басқа әлеуметтік волонтерлік** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 9. **Автоволонтерлік** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
  - 10. **Корпоративті волонтерлік** (іске асырудың кез-келген жолы және кез-келген волонтерлер құрамы)
- 8.2. Жобаның мазмұны бизнес-құрылымдардың кейінгі қаржыландыру перспективасын көздеуі тиіс.
- 8.3. Жоба 2021 жылдың 1 қазанынан бастап 30 қарашасына дейін (екі ай) іске асырылуы тиіс.

**8.4. Сараптау комиссиясының жобаларды қарау кезінде мынадай жобалар артықшылыққа ие болады: өңірдегі жүйелі, қолданыстағы, жағдайды түбегейлі өзгертетін жобалар.**

8.5. Жоба өтінім формасына (1-қосымша) және осы Ереженің 5-бөлімінде көрсетілген барлық құжаттардың қосымшасына толықтай сәйкес ресімделуі тиіс.

8.6. Бағдарламалық есеп және гранттық қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп Грант алушыларға 2021 жылы 1-10 желтоқсан аралығындағы есепті кезеңде беріледі.

## **9. ЕСЕПТІЛІК**

9.1. Жоба аяқталғаннан кейін Грант алушы бағдарламалық есепті және осы Ереженің 5 және 6-қосымшаларында ұсынылған формалар бойынша гранттық қаражатты пайдалану туралы есепті ұсынады.

## **10. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ**

10.1. Барлық туындаған дауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс Ұйымдастырушысы мен Сараптау комиссиясы шешеді.

### **Ұйымдастырушы туралы байланыс ақпарат:**

Конкурсты ұйымдастырушы: «Рухани жаңғыру»

қазақстандық қоғамдық даму институты

010000, Нұрсұлтан қаласы, Қабанбай батыр көшесі 13/1,

«Нұрлы Орда» бизнес орталығы, 7 қабат.

Байланыс телефондары: аты-жөні

Жұмыс тел: 8-(7172)-79-64-32

Моб.тел: -----

1-ҚОСЫМША  
Форма

**Кімге:** «Рухани жаңғыру» Қоғамдық  
дамудың қазақстандық институты

**Кімнен:** \_\_\_\_\_  
(өтінім берушінің толық атауын  
көрсету)

**Волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған шағын грант беру конкурсына қатысуға  
өтініш**

Осы өтінішпен (*ұйымның толық атауын көрсету*) (бұдан әрі - Өтініш беруші) конкурс бағыты бойынша волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған шағын грант беру конкурсына (бұдан әрі – Конкурс) Конкурс бағытына қатысуға ниет білдіреді (*осы Ереженің 4-бөліміне сәйкес конкурс бағытын көрсету*) және берілген жобаны конкурс шарттарына сәйкес іске асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы өтініштегі және оған қоса берілетін құжаттардағы барлық ақпараттың түпнұсқа екенін, шынайы фактілерге сәйкес келетінін растап, кепілдік береді және өзінің заңдылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік, олардың авторлық және сабақтас құқықтарын сақтауы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар болуын білдіреді. Өтініш беруші осындай дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

\_\_\_\_\_  
(ұйым басшысының лауазымы) (қол, мөр)

\_\_\_\_\_  
(қолдың толық жазылуы)

Толтыру күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

**ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Заңды мәртебесі көрсетілген ұйымның толық атауы	
Заңды тіркелген күні	
Ұйымның заңды мекенжайы (пошта индексі, облыс, елді мекен, көше, үй, кеңсе)	
Ұйымның нақты мекенжайы (пошта индексі, облыс, елді мекен, көше, үй, кеңсе)	
Ұйым байланыстары (байланыс телефондары, электрондық пошта)	
Заңды тұлғаның банктік реквизиттері ( БСН, ЖСК, БСК), сондай-ақ, заңды тұлғаға қызмет көрсетілетін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Ұйым басшысының аты-жөні және лауазымының атауы	
Басшының байланыстары (байланыс телефоны, электрондық пошта)	
Ұйым бухгалтерінің аты-жөні	
Бухгалтер байланыстары (байланыс телефоны, электрондық пошта)	
Ұйымның құрылтайшылары туралы мәліметтер (Құрылтайшылардың аты-жөндері/құрылтайшы-ұйымдардың атауы)	
Жарғыға сәйкес заңды тұлғаның құрылымы, штаттық қызметкерлердің саны	
Өңірлерде филиалдардың болуы туралы мәліметтер	

**ҰСЫНЫЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАНЫҢ МАЗМҰНЫ**

1.	<b>Жоба атауы</b> <i>Жоба атауын жазыңыз</i>	
2.	<b>Жоба бағыты</b> <i>Конкурс бағыттарына сәйкес</i>	
3.	<b>Жоба мақсаты</b> <i>Сіздің жобаңыз не үшін қажет? Жоба қандай мәселені шешеді?</i>	
4.	<b>Жоба шеңберінде шешілетін міндеттер</b> <i>Мақсатқа жету үшін жоба аясында қандай міндеттер қоясыз?</i>	
5.	<b>Жоба бойынша ұсынылатын қызмет</b> <i>Жобаны іске асырудың қадамдық алгоритмі. Сіз үшін не өткізу керек.</i> <i>Қандай іс-шаралар өткізесіз? Мұны қалай істейсіз?</i>	
6.	<b>Жобаны іске асыру аумағы</b> <i>Іске асырылатын қалалар, аудандар немесе өңірлер</i>	
7.	<b>Жобаның нысаналы топтары</b> <i>Сіздің жобаңыз кімдерге пайдалы?</i>	
8.	<b>Нысаналы топты жоспарлы сандық қамту</b> <i>Сіздің жобаңыздан қанша адамға пайдалы бола алады?</i>	
9.	<b>Жобаның әлеуметтік әсері және күтілетін нәтижелері</b> <i>Сіздің жобаңыз қандай пайда әкеледі? Жоба аяқталғаннан кейін оның өткізілген аумағында қандай өзгерістер болады?</i>	
10.	<b>Жұртшылықты ақпараттандыру</b> <i>Адамдар сіздің жобаңыз туралы қалай біледі? Жоба туралы ақпаратты қайда және қалай орналастырасыз?</i>	
11.	<b>Жоба бойынша серіктестер</b> <i>Серіктес ретінде қандай ұйымдар мен мекемелерді тартуды жоспарлап отырсыз? Қандай көмек сұрайсыз (серіктестердің атауларын және олардың сіздің жобаңызды жүзеге асырудағы рөлін көрсетіңіз.)</i>	
12.	<b>Әлеуметтік жобаның тәуекелдері</b> <i>Жобаның барысы мен нәтижесіне қандай тәуекелдер әсер етуі мүмкін? Сіз олардың ықтималдығын азайтып, салдарын қалай азайтуды жоспарлап отырсыз?</i>	
13.	<b>Жоба тұрақтылығы</b> <i>Қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобаны жалғастыра аласыз ба? Жобаны қалай жалғастыруды жоспарлап отырсыз?</i>	

<b>14.</b>	<b>Жобаны іске асыру жоспары</b>			
	<b>Міндеттер</b>	<b>Әрекеттер, іс-шаралар</b>	<b>Іске асыру кезеңі</b>	<b>Сандық және сапалық нәтижелерге қол жеткізу жоспары</b>

<b>15.</b>	<b>Жоба бюджеті</b>				
	<b>Шығыстар бабы</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>Саны</b>	<b>Құны, теңгемен</b>	<b>Барлығы, теңгемен</b>

## ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ ФОРМАСЫ

Комиссия мүшесінің аты-  
жөні:

Өтінім нөмірі:  
Жоба бағыты (конкурстық бағыттарға сәйкес):

Бағалау критерийлері	Баға (0-10 балл)	Есептелген ұпайлар (критерийлердің үлес салмағы %-бен) <i>*автоматты түрде есептеледі</i>
1. Жобаның әлеуметтік маңызы		0
2. Бизнес-құрылымдардың жобадан кейін қаржыландыру перспективасы		0
3. Қойылған міндеттерді шешудің тиімділігі		0
4. Жоба мазмұнының Конкурстың белгіленген бағыттарына сәйкестілігі		0
5. Волонтерлік компонентін іске қосылуы		0
6. Жобаны іске асыру жоспарының нақтылығы мен тиімділігі		0
7. Бюджеттің орындылығы мен негізділігі		0
<b>Есептелген ұпайлардың жалпы жиынтығы:</b>		<b>0</b>

Критерийлерге сәйкестікті бағалау  
шкаласы:

0-10 балл (бүтін сандар)

0 балл: сәйкес келмеуі

1-2 балл: қанағаттанарлық емес сәйкестік

3-4 балл: нашар сәйкестік

5-6 балл: қанағаттанарлық сәйкестік

7-8 балл: жақсы сәйкестік

9-10 балл: тамаша сәйкестік